


**Ақ Жайықтың №1 журналы**



**Тарихи, танымдық  
тәрбиелік бағыттағы білім,  
ғылым, өнерді насхаттайтын  
тұңғыш батысқазақстандық  
басылым.**



**[www.danakaz.kz](http://www.danakaz.kz)**

+7 777 194 44 77



Райхан ТАСҚАЛИЕВА,  
қазақ тілі мен әдебиет пәннінің мұғалімі,  
№18 мектеп-балабақша кешені,  
Орал қаласы

## Әкем туралы естелік

Исі қазақтың атамекені – ауыл. Бәрі күні кеше сияқты, топырағында жалаңақ шаң-шаң болып, алаңсыз асыр салғаным. Балалықтың балауса балдәурені өткен тұған жерім есіме түссе, санамдағы марқұм әкем мен анамның қасында өткізген бақытты сәтім сайрап жөнеледі...

Қаратөбе ауданы әуелден-ақ ән мен жырдың Меккесі атанған. Талай дүлдүл ақындар да, жеңстандай әншілер де, дәүлескер күйшілер де дүниеге келген қасиетті жер. Бұл еңірдің бар байлыны адамдары десек, жөн шығар. Солардың бірі менің қаралапайым әкем еді.

Әкеміз Fани Тасқалиев темірден түйін түйін шебер, зергер, ұста болған. Ол 1930 жылы 8 наурызда Орал облысы Қаратөбе ауданы Ақтайсай ауылындағы Алакөл фермасында дүниеге келген. Тасқали атамыз, Хамза әжеміз сохоздан шалғайдағы Алакөл фермасында тұрған екен. Мектеп сохоз орталығында болғандықтан, әкеміз ересек балалармен интернатта жатып, 7 кластиқ білім алған.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысынан отты жылдарымен тұспа-тұс келіп, сабан айдан, егін орып, егіз арбамен шөп тасып, еңбекке ерте араласыпты. «Бұғанамыз қатпаған жас баламыз, егіз арбаның үстіндегі ала таңнан жүргесін қалғып үйіктап кетем. Сүм соғыстың ашы зардабын көп көрдік. «Қара қағаз» келген үйден аналардың зар еңіреп шықкан дауысы сай-сүйегінді сиркіратады. Қатты қорқатын едім, сендер соғысты көрмендер», - деп аңтімелеп айттып отыратын.

Бала кезімде әкем айтқан мына аң-

тіме есімде қалыпты. Ақтай ауылынан көп қашық емес «Шыңғыс» деген жерде көмірге үкіс ақырышық тасты Қаралыңдың қаласындағы көмір өндійтін зауыттың зертханасына алып барған. Зертхана менгерушісі әлі пісіп жетілменген тастардың үақыт өте келе көмірге айналатынын айтқан. Кейін тап осы жерден отқа жағатын мұнай тәріздес мазут өндірілді. Әкеміздің сол кезден зерттеушіге тән қырағы қабілетін бай-қауға болады.

Ауылда бір кісідей тер төгіп, еңбек етті. Жеті атаға дейін үзілмей жалғасып келген киелі ұсталық өнердің қыр-сырын терең менгерген. Коненің көзіндегі атадан балаға мирас болып келе жатқан зергерлік өнердің өзіндік құпия сырлары да бар. Үйдің жанына салынған сарайда қолмен басатын көрі болатын. Оnda темір тес, түрлі балғалар, қысқаша, іскенже, қолқайрак, аяқпен басатын қазақы қайрақ, үлкенді-кішілі үгіндірік (көмір көсейтін құрал), қорап-шаларда шегелердің небір түрлери бо-латын. Әйтте, көрекti құралдардан көз тұнатын.

Ауыл тұрғындары өздеріне қажетті бүйімдерды: көсейу, шоқ салатын аяқ, күл алатын қалаққа дейін жасатып алып, алғысын қарша жаудырып, қуанып алып жататын. Көбіне сохоздағы

мал шаруашылығына керекті қамыт, доға, шананың темір табандарына дейін соғатын. Орақ жапырақшаларын жасап, қайрап беретін. Қазақша жыл санау бойынша қоян жылы, яғни 1963 жылы Ермек балғашысы екеуі «Алып арба» – қос темір дәңгелекті пішен таситын арба жасапты. Оны шынжыр табанды трактор ғана тартады екен. Тиел-ген шөпті қолмен айырлап бейнеттеп түсірмей, әдей шынжырлы темір ыр-ғақтар орнатылған. Түсіретін жерге әке-ліп, трактор қозғап сүйргенде шөп өзінен-өзі сыйрылып тусе қалады. Жаңалыққа жаны құштар әкеміздің тапқырлығына шөп шабушылар қызығушылықпен қараған.

Әкеміз осындағы ірілі-ұсақты бүйімдерды ерінбестен, бар пейілімен құлышына орындастын. Кішкене кезімізде ойнап жүріп, есіктің алдына келіп қарап тұрттынбыз. Әкеміз мандастын шып-шып шыққан терге қарамастан, бір қолындағы дәу балғамен білектей қып-қызыл темірді шоққа қыздырып алып, төстің үстіне қойып, бар күшімен соғып, қажетті заттарын жасайтын.

Атадан аманатқа қалған ұсталық өнер әкемізді еңбек жолында шындағы түсті.

Ауыз толтырып айттар үлкен еңбек-тің арқасында әкеміз «Еңбек ардагері» атанды.

– Онжылдық мектеп ашылған соң балаларым оқысын деп, көрші сохоздан көшіп келдім, - деп жиі-жиі айттып отыратын. Бар болғаны жетіжкілдік білімі болса да, әкеміздің қолынан М. Әүе-зовтың «Абай жолы» романы, И. Есенберлиннің «Көшпендері», Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы т.б. та-

рихи құнды шығармалар түспелтін. Өмірдің тауқыметін басынан өткізген ол мақалдан сөйлеп, оқыған кітаптарын өмірмен байланыстыра айтып отыратын. Жыл сайын басылымдарға жазылатын. «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен»), «Балдырыған», «Білім және еңбек» (кейін «Зерде» атанды) журналдары, «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас») газеттері т.б. облыстық, республикалық таралымдарды құшақ-құшақ алғып, қызыға оқытынбыз. Газет, журнал беттеріндегі жаңалық, мақала, шығармаларды үзбей оқып, өмірге керекті деректі үйренетінбіз.

Әлі есімде, біздің үйде үш теледидар болатын. Қерсетпей қалса, бірінен соң бірін сатып алтын. Ол күндері қағзірдегі шетелдік кинолар емес, қазаша фильмдер, айтыс, көкпар т.б. үлттық тәлім-тәрбиеге бай хабарларды тамашалаймыз. Рұхани жан-дүниенде шындар ақе-шеше тәрбиесінен нәр алып өстік. Әкеміздің темірдей қатал тәрбиесін көріп, анамыздың мейірімге толы ыстық аялы алаканында қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай ержеттік. Құншуағы мен көлеңкесі қатар жүретін өмір белесінің алғашқы баспаңдақтарын осылай аттағанбыз...

Жазда үйдің алдына шағын бақша салатынбыз. Қолмен суарып, арамшебін жұлып, күту біздің мойнымызда. Малды өріске айдал, кешке түгендеп аламыз. Мал азығын дайындауға көмектесеміз. Шөп, жем жинау науқанында қызу жұмыс басталатын. Үй құстары тауық, үйрек, қаздың балапандарын көгалға жаямыз, үақытында жем шашып, тұратын сарайдың ішін әлсін-әлсін тазалаймыз. Осындай күнделікті үйдің күйбен тірлігіне қолғабыс беріп келгенде әкеміз «құлшашасап, биші ішіндер» дейтін, анамыз болса, үстелге үлттық құнарлы тағамдарды толтырып қоятын. Әкеміз: «Құнкөріс қайда? Арыстанның аузында, Түркімненің төрінде» - деп тақлақтап жөнелетін. Ол ете сөзге шебер, аңгімеліш, ашық жарқын, қарапайым, болмысынан кіслілігі, парасат-пайымы бөлек адам болатын. Еңбекшіл болуға үйрететін. «Бүгінгі жұмысты ешқашан ертеңге қалдырманшадар» - деп отыруши еді.

«Бала кезінде қатаң тәрбие көрін есken үл мен қыз есейген соң ата-анасын, елін қуантатын азамат болады», деп үлшы ойшыл Жүсіп Баласағұн айтқандай, ата-анамыздың қазақы тәрбиесін зердемізге сіңіріп өсіп-өндік. «Тәрбие – тал бесіктен» дегендей, бойымызға еңбекқорлық, қарапайымды-



Ермек және Балаш



лық, кішіпейілділік, үқыптылық, ізденімпаздық қасиеттерді үйреткен ата-анамыздың орны ерекше.

Әке-шешеміз дүние-мұлікке қызықтаған, ар-ұятын сатпаған, ешкімге ғайбат сөз айтпаған жандар еді. Көзқуаныштарына айналған балаларына дұрыс жол сілтеп, сарқылмас тәрбие

беріп, үядан ұшырды. Бар саналы ғұмырын бала болашағына арнаған әкемізді, анамызды сағынышпен еске ала-мыз. Биыл әкеміздің дүниеден өткеніне табаны күректей жиырма жыл өтіп-ті. Мейіл, қанша жыл өтсе де, әкем мен анам берген тәрбие есімізде мәңгі сақталады...